



Бекітемін:

Абай атындағы ЖОББМ
директоры Б.Т.Жакупова

Б.Т.Жакупова
2023 жыл

**«Әйгерім» қыздар клубының
2023-2024 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Сыныптағы әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл жұмыс қыз балаларға қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығын сезіндіру үшін және қыз баласына тән белгілі бір ұнату сезімін бастан кешіру кезінде түсініспеушілік болса, оған қыздардың мұңайып, өздеріне жамандық жасамауы үшін алдын алуға міндеттейді. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды таза, әсем, жарасымды киім киіп, өздерін күтуге, шаш өруге, шаштарын соңғы сән үлгісімен өздеріне жарасатындай киюға кеңес беру, үйрету ескеріледі. Сонымен бірге өз құқықтырын біліп, өздерін қорғауға және мектеп оқушыларының, яғни өз міндеттерін дұрыс орындауға тәрбиелеу.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүддесіне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай бойжеткен идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.

Қыздар мен жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Жұмыс түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	«Ұл бала мен қыз бала сыйластығы»	Сыныптан тыс	Сынып жетекшісі
2	Қазан	«Әдеп ең қымбат мирас» «Маған өмір керек, мен өмірге керекпін»	Сынып сағаты Пікір алмасу	Сынып жетекшісі Сынып жетекшісі
3	Қараша	«Мектеп формасы – 2024»	Коллаж	Сынып қыздары
4	Желтоқсан	«Шаш өру – қазақ қызына тән»	Сайыс	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
5	Қаңтар	«Қызға нәзіктік, ұлға батылдық»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі
6	Ақпан	Қыз бала гигиенасымен таныстыру	Пікір алмасу	Медбике
7	Наурыз	«Қыз бала» туралы мақал – мәтелдер, өлеңдер, нақыл сөздер жинау	Кітапша жасау	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
8	Сәуір	«Қыз қырық үйден тиым»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшісі, сынып қыздары
9	Мамыр	«Қыздарға кеңес»	Пікір алмасу	Медбике, тәлімгер, сынып жетекшісі